

**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 маусымдағы N 645 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы  
Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің  
кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы        Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 702 Жарлығына :

**1 - т а р м а қ т а :**

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы тағайындалсын;

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

2) "Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 24 қазандағы N 713 Ж а р л ы ғ ы н а :

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы төрағаның орынбасары болып енгізілсін;

көрсетілген Мемлекеттік комиссияның құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 44-құжат; N 39,

396-құжат; 2003 ж., N 18, 180-құжат; 2004 ж., N 4, 50-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін; көрсетілген Кеңестің құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

4) "Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі инспекциясының және ведомствоаралық комиссияларының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 25 наурыздағы N 320 өкіміне :

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі ведомствоаралық комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін; көрсетілген Комиссияның құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92-құжат; N 32, 339-құжат; 2003 ж., N 9, 92-құжат; 2004 ж., N 14, 92-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін; көрсетілген комиссияның құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

6) "Қазақстан Республикасының ұлттық кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі N 857 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 12, 113-құжат; 2003 ж., N 43, 451-құжат; 2004 ж., N 18, 223 - құжат) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

7) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 1042 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., N 11, 125-құжат; 2004 ж., N 15, 183 - құжат) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін; көрсетілген комиссияның құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын;

8) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 қарашадағы N 1467 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 44, 544-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін;

көрсетілген комиссияның құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын.

9. "Қазақстан Республикасының сот жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 524 өкіміне :

жоғарыда аталған өкіммен бекілген Қазақстан Республикасының сот жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Әділет министрі - Балиева Зағипа Яхияқызы енгізілсін; көрсетілген комиссияның құрамынан О.И.Жұмабеков шығарылсын.

10. "Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 өкіміне :

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарында :

реттік нөмірлері 4, 15, 27, 38, 39, 40, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 56, 57, 58, 59-жолдардың 4-бағанындағы "О.И.Жұмабеков" деген сөздер "З.Я.Балиева" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 55-жолдың 4-бағанындағы "З.Я.Балиева" деген сөздер "О.И.Жұмабеков" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті